

"2020-2022 жылдарға арналған Майдакөл ауылдық округінің бюджеті туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 364 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 530 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 14 желтоқсанда № 7893 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес, Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2020-2022 жылдарға арналған Майдакөл ауылдық округінің бюджеті туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 364 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7103 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 10 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Майдакөл ауылдық округінің бюджеті 1, 2, 3 - қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 182504 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 3587 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 178917 мың теңге;

2) шығындар – 183468,1 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -964,1 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 964,1 мың теңге."

;

3-1-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) абаттандыруға, жарықтандыруға 10824 мың теңге."

Аталған шешімнің 1 - қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазалы аудандық мәслихатының кезектен тыс LXVII сессиясының төрағасы

Қазалы аудандық мәслихат хатшысы

А. ОРЫМБАЕВ

К. НАЗЫМБЕКОВ

Қазалы аудандық мәслихатының
2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 530
шешіміне қосымша

Қазалы аудандық мәслихатының
2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 364
шешіміне 1-қосымша

2020 жылға арналған Майдакөл ауылдық округінің бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
Сыныбы				
		Кіші сыныбы		
			Атауы	
			1. Кірістер	182504
1			Салықтық түсімдер	3587
	01		Табыс салығы	414
		2	Жеке табыс салығы	414
	04		Меншікке салынатын салықтар	3173
		1	Мүлікке салынатын салықтар	40
		3	Жер салығы	238
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2895
4			Трансферттердің түсімдері	178917
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	178917
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	178917
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			

		Бағдарлама		
		Атауы		
			2. Шығындар	183468,1
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	28981
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	28981
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	28372
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	230
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	379
6			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	3097
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	3097
		003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	3097
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	4721
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	4721
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2786
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	492

		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1443
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	19876
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	19876
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	19876
12			Көлік және коммуникация	735
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	735
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	735
13			Басқалар	126040
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	126040
		057	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	126040
15			Трансферттер	18,1
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	18,1
			Пайдаланылмаған (т о л ы қ	

		048	пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	18,1
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5. Бюджет тапшылығы профициті)	(-964,1
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру профицитін пайдалану)	(964,1
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	964,1
	1		Бюджет қаражатықалдықтар ы	964,1
		01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	964,1